

## Су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларына қойылатын талаптарды бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 18-05/22 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 19 ақпанда № 10292 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 221 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 31.05.2019 № 221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 9-бабы 1-тармағының 20) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларына қойылатын талаптары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:
  - 1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;
  - 3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр А. Мамытбеков*

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2015 жылғы 19 қаңтардағы  
№ 18-05/22 бұйрығымен

бекітілген

## **Су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларына қойылатын талаптар**

1. Су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларына (бұдан әрі - БҚҚ) мынадай талаптар қойылады:

1) осы Талаптардың 1-қосымшасында келтірілген БҚҚ тиімділік есебіне сәйкес анықталатын денесінің ұзындығы 12 миллиметрден асатын шабақ үшін БҚҚ тиімділік коэффициенті 70 %-дан кем болмауы тиіс;

2) су тартқыштың есептік шығынына байланысты ББҚ осы Талаптардың 2-қосымшасына сәйкес белгіленеді;

3) балықтардың өлшеміне байланысты БҚҚ торлы балық қорғау тосқауылдарының диаметрлері осы Талаптардың 3-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

2. БҚҚ жобалау:

1) қорғалатын балықтардың ең төменгі өлшемі көрсетілетін түрлік және өлшемдік құрамы;

2) олардың жылыстау және қоныс аудару кезеңі;

3) балықтардың тігінен және көлденең бөлінуі;

4) уылдырық шашу орындары мен қыстау шұңқырлары орналасқан жерлер;

5) қорғалатын балықтардың шабақтары үшін ағыстың құламалы жылдамдығы анықталатын жобалау-ізвестіру және ғылыми зерттеулердің негізінде жүргізіледі

Су тарту құрылыстарының  
балық қорғау құрылғыларына  
қойылатын талаптарға  
1-қосымша

## **Балық қорғау құрылғыларының тиімділігін есептеу**

1. Балық қорғау құрылғыларының көрсеткіші (Кэф) балық қорғау құрылғысымен ұсталған балықтардың санының мұндай құрылғының жоқ болған кездегі су бөгетіне түсетін балықтардың санына қатынасы болып табылады, пайызбен келтіріледі:

$$K_{эф} = \frac{N_2 T - N_1 T}{N_2 T} \times 100,$$

мұндағы:

N1 T - есептеу кезеңдегі балық қорғау құрылғысының бар болған кездегі түскен балықтардың саны;

N2T - балық қорғау құрылғысының жоқ болған кездегі сол T есептік кезеңдегі су бөгетіне түскен балықтың саны;

2. Балық қорғау құрылғыларының көрсеткіші тәжірибелік жолмен анықталады - балық қорғау құрылғылары болған және болмаған кездегі балықтардың кезектеп су бөгетіне түсуін бақылау.

БҚҚ-ыны бөлшектеу мүмкін болмаған жағдайда, Кэф балықтың БҚҚ алдында және одан кейін шоғырлануының айырмасы бойынша мына формуламен анықталады:

$$K_{эф} = \frac{C2 - C1}{C2} \times 100,$$

мұндағы:

C1 — БҚҚ-дан кейін балық шабағының шоғырлануы;

C2 - БҚҚ алдында балық шабағының шоғырлануы.

3. БҚҚ тиімділігі өлшемі 12 мм балық шабағы үшін 70 % кем емес болуы тиіс

4. БҚҚ-мен байланысқа түскен кезде (жазық аулар, ағыны шапшаң барабандар және т.б.) және балықты қайтару кезінде (егер БҚҚ-да балық қайтарғыш болса) шабақ өлетін болса, онда балық қорғау тиімділігінің көрсеткіші келесі формула бойынша есептеледі:

$$K_{эф} = \frac{N2T - (N1T + N3T)}{N2T} \times 100,$$

мұндағы:

N1T — БҚҚ болған кезде T есептеу кезеңінде су бөгетіне түскен балықтардың саны;

N2T - БҚҚ болмаған кезде сол T есептік кезеңінде су бөгетіне түскен балықтардың саны;

N3T - БҚҚ-ға соғылу салдарынан T есептік кезеңінде өлім-жітімге ұшыраған балықтардың саны.

N3 көлемі БҚҚ-да қалып қойған (n 1), БҚҚ-ға соғылу салдарынан өлім-жітімге ұшыраған (n 2) және балық қайтару жолынан өткенде өлім-жітімге ұшыраған балықтар санының жиынтығымен анықталады (n 3):  $N3 = n1 + n2 + n3$ .

БҚҚ-ға соғылу салдарынан өлім-жітімге ұшырайтын шабақ санын (N3) анықтау жұмысы былай жүргізіледі:

n1 - балық қорғайтын құрылғыдағы балық санын есептеу жолымен анықталады;

n2 - жұмыс істеп тұрған су тарту құрылысында БҚҚ-ның төменгі жағынан ауланған балық шабақтарын өмір сүруге қалдырғаннан кейін өлім-жітімге ұшыраған балықтардың саны;

n3 - балық қайтарудан өткен балық шабақтарын өмір сүруге қалдырғаннан кейін өлім-жітімге ұшыраған балықтардың саны.

Су тарту құрылыстарының  
балық қорғау құрылғыларына  
қойылатын талаптарға  
2-қосымша

### Су тартқыштың есептік шығынына байланысты балық қорғау құрылғыларын орнату

Балық қорғау құрылғылары		Су тартқыштардың есеп айырысу шығындары, м/с			
т о п (балықтарды қорғау әдістері бойынша)	түр	0,5 аз	0,5 бастап , 5,0 дейін	5,0 бастап , 10,0 дейін	10,0 көп
Бөгеуші	Өткінші ағында орнатылған торлы ағын белсенді барабан	+	-	-	-
	Өткінші ағында орнатылған ағын тудырғышы бар баулық (АББ).	+	-	-	-
	Балық қайтаратын конустық бір жолақты балық тосқауылы (конустық).	-	+	+	+
	Балық қайтаратын конустық екі жолақты балық тосқауылы (конустық) 25 метрге дейінгі ұзын секциялар сияқты V- W тәріздес көлденең торлы, бұрғылап тесілген немесе сүзетін экрандар.	+	+	-	-
Қоршағыш	Су тартқыш қол шатыр тәріздес баулық.	+	+	-	-
Шоғырлаушы	Балықтарды көлденең айыратыны бар балық қорғау шоғырлаушысы (КАБК); блокпен қолданатын 5, 10 және 25 м <sup>3</sup> /с блок-секциялар.	-	+	+	+

Ескерту: БҚҚ басқа түрлерін жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің келісімі бойынша қолдануға жол беріледі.

Су тарту құрылыстарының  
балық қорғау құрылғыларына  
қойылатын талаптарға  
3-қосымша

## **Балықтардың өлшеміне байланысты торлы балық қорғау тосқауылдары ұяларының диаметрі**

Балықтың дене ұзындығы, мм	12	15	20	30	40	50	60	70
Саңылау диаметрі, мм	1,5	2	3	4	6	7	8	9
Ескерту: Төрт бұрышты тордың саңылауларында жоғарыда көрсетілген өлшемдер саңылаудың диагоналіне сәйкес.								

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК